

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе» ауылының
ЖОББМ» КММ директоры
Г.С.Алиева
«01» 2026 жыл

**ДИРЕКТОР ХАТШЫСЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ**

Лауазымдық міндеттері:

- Басқару қызметін ұйымдық және құжаттамалық қамтамасыз етеді. Тікелей мектеп директорына бағынады.
- Келіп түскен және жөнелтілетін құжаттарды қабылдауды, тіркеуді, есепке алуды жүзеге асырады. Директордың бұрыштамасына сәйкес құжаттарды орындаушыларға жеткізеді.
- Мектеп директорының қол қоюына әкелінген құжаттардың, бұйрықтардың дұрыс ресімделуін, келісілуін қадағалайды.
- Директордың тапсырмалары мен бұйрықтарының, сондай-ақ жоғары тұрған органдардан келген хаттардың орындалу мерзімдеріне бақылау жасайды.
- Мектептің электрондық поштасын, электрондық құжат айналымы (ЭҚЖ/СЭД) жүйелерін күнделікті тексереді және өңдейді.
- «Bilim Class» электрондық журналы және өзге де корпоративтік жүйелер арқылы мектеп ұжымына әкімшілік хабарландыруларды, бұйрықтарды уақтылы таратады.
- Басшының қабылдауына келген келушілерді тіркейді, телефон қоңырауларына жауап береді, мектептің ақпараттық-анықтамалық қызметін атқарады.
- Кеңесші органдардың (педагогикалық кеңес, әкімшілік жиналыстар) отырыстарын ұйымдастыруға көмектеседі, хаттамаларын жүргізеді немесе ресімделуін қадағалайды.
- Қызметтік әдеп нормаларын, академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қатаң сақтайды, ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының заң актілерін, мекеме жарғысын.
- Іс қағаздарын жүргізу және құжаттаманы ресімдеу стандарттарын, басқару жұмысын ұйымдастыру негіздерін.
- Офистік бағдарламаларды (Word, Excel), электрондық пошта, бұлттық жүйелер және электрондық құжат айналымы бағдарламаларын қолдана білу.
- Еңбек мәдениеті және қызмет әдебі, іскерлік қарым-қатынас ережелері.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және өртке қарсы қорғаныс техникасы ережелерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Орта кәсіптік немесе жоғары білім (іс қағаздарын жүргізу, әкімшілік басқару, гуманитарлық бағыт). Жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Таныстым:

Серик Т

Серик